

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
	<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	31.10.2022 ж.
		Стр. 1 из 12

**2023-2024 оқу жылына арналған бакалавриаттың білім беру
бағдарламалары бойынша «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ-не оқуға қабылдау ережелері**

Алматы
2023ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Стр. 2 из 12

**«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер
академиясы» РММ Ғылыми
кеңесінің шешімімен бекітілді**



3 2023 жыл

№ _____ хаттама

1. Жалпы ереже

1. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына (бұдан әрі - Академия) оқуға қабылдау ережесі (бұдан әрі - қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - заң) 5-бабының 11) тармақшасына, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысына; Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына (бұдан әрі-Академия) оқуға қабылдау мамандарды даярлауда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен қаражат есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орындарының ерекше мәртебесі туралы Ереженің 2 тарауына (5 тармақ, 6 тармақшасы) сәйкес Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына қабылдау тәртібі дербес анықталады.

4. Академияға қабылдау рәсімі ашықтық пен ашықтық қағидаттарына негізделеді. Академия барлық өтініштерді бейтарап, әділ және барлық келушілер үшін мүмкіндігінше ыңғайлы етіп қарауға тырысады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Стр. 3 из 12

Іріктеу комиссиясы талапкердің қандай да бір бағытқа шығармашылық бейімділігін айқындайды және олардың көрсеткіштерін ескере отырып, белгілі бір білім беру бағдарламасының бейініне оқуға түсуді ұсынады.

Қабылдау комиссиясы талапкерлердің шығармашылық емтихан және ҰБТ қорытындысын ескере отырып, білім беру бағдарламасының бейіндері бойынша конкурс өткізеді.

5. Осы ереже 2023-2024 оқу жылына бакалавриат талапкерлерін қабылдау рәсімін дайындау және іске асыру кезінде сақталуы міндетті.

2. Академияға қабылдау тәртібі

6. Академияға оқуға қабылдауды қабылдау комиссиясы жүзеге асырады, ол ректордың бұйрығымен құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Академия ректоры, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Академия ректоры болып табылады. Қабылдау комиссиясының жұмысын басшылыққа ала отырып, оның жұмысын ұйымдастырып, бақылап және іс қағаздарын жүргізу үшін академия ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

7. Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің мемлекеттік білім беру тапсырысын беруге және (немесе) ақылы оқуға қабылдауға арналған конкурсқа қатысу үшін орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі. Конкурсқа қатысу үшін ҰБТ және шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша кемінде 65 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы бойынша кемінде 5 балдан жинау қажет.

8. Қазақстан Республикасының азаматы мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы қамтамасыз етіледі, егер деңгейлердің әрқайсысында бірінші рет білім алатын болса.

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары ақылы негізде оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Стр. 4 из 12

10. ҰБТ өткен жылдардағы жалпы орта білім беру ұйымдарының түлектеріне, бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының түлектеріне (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі), жалпы білім беретін мектептердің түлектеріне, республикалық музыкалық мектеп-интернаттардың түлектеріне, сондай-ақ шетелдегі оқу орындарын бітірген азаматтарға өткізіледі.

11. Оқуға түсушілер ҰБТ-ны өз қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде тапсырады.

12. Академияға оқуға түсу кезінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілетін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді:

- I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін – 1%;

- жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін - 0,5%;

- Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін – 4%;

- жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін - 1%;

- кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 5%;

- кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін - 1%;

- бала кезінен мүгедек балаларды, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 1%.

13. Академияға түсетін адамдарды қабылдау арнайы екі шығармашылық емтихан нәтижелеріне, сондай-ақ, белгіленген үлгідегі сертификаттың және (немесе) Ұлттық тестілеу орталығының РМҚК сайтында тестілеудің екі пәні: оқу сауаттылығы (оқыту тілі) және қазақстан тарихынан берілген мемлекеттік сертификаттың түпнұсқалығын растайтын QR-коды бар, Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сертификатына сәйкес өтініштер бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Стр. 5 из 12

2. Шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

14. Академияға түскісі келетін адамдар өтініштер мен құжаттарды тек Академияның қабылдау комиссиясына тапсыруы керек.

- 1) Барлық ББ-на түсу процесінің ашықтығын, айқындығын қамтамасыз ету мақсатында іріктеу комиссиясы туралы Ережеге сәйкес, талапкерлердің түсу үшін құжаттарын тапсыру құқығын беретін іріктеу комиссиясы құрылады.
- 2) Талапкерлер барлық білім беру бағдарламаларына іріктеу комиссиясынан өтіп, шығармашылық емтиханға қатысуға рұқсат (допуск) алғаннан кейін ғана құжаттарды тапсыра алады.
- 3) Талапкерлердің консультациялар кестесіне сәйкес емтихандар басталғанға дейін бейіні бойынша мамандардан тегін консультациялар алуға құқығы бар.

15. 2023 жылы 20 маусымнан 7 шілдеге дейін шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін өтініштер қабылданады.

16. Шығармашылық емтихандар 2023 жылдың 08 шілде - 15 шілде аралығында өткізіледі.

17. Оқуға түсуші тек бір шығармашылық білім беру бағдарламасын көрсете алады.

18. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына/білім беру бағдарламасына/ білім беру бағдарламасының бейініне түсетін талапкер екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына/білім беру бағдарламасы/ білім беру бағдарламасының бейініне түсетін талапкер бір шығармашылық емтихан тапсырады.

19. Шығармашылық емтихандарды өткізу үшін төрағадан және мүшелердің тақ санынан тұратын емтихан комиссия құрамы академия ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен құрылады.

20. Шығармашылық емтихандарды өткізу осы қабылдау қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады. (1 қосымша)

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдар шығармашылық

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Стр. 6 из 12

емтихандарды тапсыру үшін Академияның қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген үлгідегі бланкідегі өтініш (қабылдау комиссиясы береді);
- 2) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (3 дана);
- 4) 3 x 4 см. фотокарталар (8 дана);
- 5) ҰБТ сертификаты (2023 жыл);
- 6) 075-У нысандағы медициналық анықтама және флюорография;
- 7) ұл балалар үшін әскери тіркеу куәлігі немесе әскери билет (көшірме - 3 дана)
- 8) Жеңілдіктерді растайтын құжаттар (көшірме)

21. Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламалары академияда әзірленіп, академияның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

22. Емтихан билеттерін, шығармашылық емтихандар бойынша тапсырмаларды қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

23. Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін түсушілердің назарына жеткізіледі.

24. Оқуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

25. Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалы беріледі және титулдық парақтарды ресімдеуге ұсынылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

26. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі құжаттары бар оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

27. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосімен, арнайы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Стр. 7 из 12

ведомосімен, комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі.

Комиссия хаттамасына комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

28. Шығармашылық емтихандарды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

29. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

30. Шығармашылық емтихандардың біреуі бойынша 5 балдан кем алған немесе оған дәлелсіз себептермен келмеген талапкерлер келесі шығармашылық емтиханға, сондай-ақ оқуға қабылдау конкурсына жіберілмейді.

31. Шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан ақылы негізде Академияға түсу үшін бағалау ведомосінен үзінді көшірме беріледі.

32. Академия шығармашылық емтиханды аяқтаған күні республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) академияға ақылы оқуға қабылдау үшін оқуға түсушілердің шығармашылық емтиханының нәтижелерін Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

5. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі

33. Емтихандарды өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Академия ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағадан және мүшелерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

34. Апелляцияға шығармашылық емтихан тапсырған адам апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке өзі өтініш береді. Шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін өтініш қабылданады. Апелляциялық комиссия бір күн ішінде өтінішті қарайды.

35. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Стр. 8 из 12

кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

6. Академияға оқуға қабылдау

36. Оқуға түсушілерді студенттер қатарына қабылдау ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен Академияның қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10-25 тамызы аралығында жүргізеді.

37. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары/білім беру бағдарламасы/ білім беру бағдарламасының бейіндері бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

38. Академияға ақылы негізде оқуға түсетін шекті балл /65 кем емес/ жинаған талапкерлердің берген өтініштеріне сәйкес қабылдау жүзеге асырылады.

39. Академияға қабылдау қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, шығармашылық емтихандар бойынша балдарды ескере отырып жүргізіледі.

40. Қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және өтініш келіп түскен күні құжаттар топтамасын қабылдау туралы талапкердің қолхатын беруді жүзеге асырады немесе талапкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

41. Қабылдау комиссиясы келесі негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) талапкер мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыстығы анықталмаса;

2) талапкерлерге мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған жағдайда;

3) талапкердің құжаттары белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған жағдайда.

42. I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін, жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Стр. 9 из 12

ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін, кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін, бала кезінен мүгедек балаларды, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін келесідей басым құқық пен квота берілгенін растайтын құжаттарды тапсырады:

1) I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау Комитетінің аумақтық органы берген мүгедектік туралы анықтама;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін: туу туралы куәлік, ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік, ХҚКО-дан анықтама.

3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін: шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты және паспорттың куәландырылған аудармасы;

4) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар: туу туралы куәлік, екеуінің де немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмелері немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру, шектеу, хабар-ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау, әрекетке қабілетсіз /әрекетке қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі);

5) кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін: ата-аналардың жеке куәлігі, барлық балалардың туу туралы куәлігі, көпбалалы отбасыларға жәрдемақы алғанын растайтын ХҚКО анықтамасы;

6) кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін: туу туралы куәлік, ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік;

7) бала кезінен мүгедек балаларды, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін: туу туралы куәлік, ата-ананың жеке куәлігі, мүгедектік туралы анықтама.

43. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар қосымша мынадай құжаттардың бірін береді:

1) еңбек кітапшасының көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін ұсынылады);

2) жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрімен расталған қызметтік

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Стр. 10 из 12

тізім (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі) (ол болған кезде);

3) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама;

4) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірме және жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

5) жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негізі туралы белгісі бар еңбек шарты;

б) еңбек шартын жасасу және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындағанын және тоқтатылғанын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінді көшірмелер;

7) қызметкерлерге жалақы беру ведомосінен үзінді көшірмелер.

44. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қабылдау комиссиясының шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағым жасалған кезде шағым жазбаша түрде беріледі:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі басшысының атына;

2) Академия ректорының атына.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағымда талапкердің Тегі, Аты, Әкесінің аты, пошталық мекен-жайы көрсетіледі. Өтінішке талапкер қол қоюы тиіс.

Қабылдау комиссиясының атына келіп түскен талапкерлердің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

45. Қорытынды балл сәйкес келген жағдайда шығармашылық емтихан бойынша ең көп балл жинаған талапкер басым құқық алады.

46. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, талапкер мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

47. Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

48. Шығармашылық емтихандар мен ұлттық бірыңғай тестілеу

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Стр. 11 из 12

аяқталғаннан кейін қабылдау комиссиясы талапкерлерді конкурс бойынша студенттер қатарына қабылдауды жүргізеді.

49. Қабылдау кезінде балдар тең болған жағдайда келесі тұлғалар басым құқыққа ие болады:



- 1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған адамдар;
- 2) ағымдағы жылдың жалпы білім беретін пәндері бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстар (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталса), сондай-ақ, таңдаған мамандық бойынша олимпиадалардың, ғылыми жарыстардың жеңімпазы болып табылса;
- 3) соңғы үш жылдағы орындаушылардың республикалық және халықаралық конкурстардың жеңімпаздары (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған) таңдаған мамандығына, конкурс мәніне сәйкес келген жағдайда;
- 4) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 5) бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес Академияда оқуға қарсы емес болған жағдайда;
- 6) үздік білімі туралы құжаттары (аттестаттары, куәліктер, дипломдар) бар азаматтар;
- 7) аттестаттың немесе дипломның неғұрлым жоғары орташа балы бар азаматтар;
- 8) шығармашылық емтихандар қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинағандар.

50. Академия оқуға қабылдау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға студенттерді академияға қабылдау жөніндегі қорытынды есепті ұсынады.

51. Үлгілік қағидалармен регламенттелмеген мәселелерді Академияның қабылдау комиссиясы дербес шешеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр. 017-1.38.1-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Стр. 12 из 12

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы		Токеева А.Д.
Келісілді:		
Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры		Амирбеков Ш.А.
Оқу-әдістемелік қызмет басшысы		Джумадилова Ж.А.
Оқу үдерісін ұйымдастыру және мониторинг қызметінің басшысы		Турдалиева Б.К.
Заң бөлімінің басшысы		Исламов П.Э.
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.